



«Ақбота» бөбекжай
тәрбиешісі
И. Жамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Сандар әлеміне саяхат»



Ересек топ «Ақбота»

Тәрбиеші: Г.М.Бесбаева

Шымкент 2021

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тобы: «Ақбота» Ересек топ

Білім аумағы: Таным, Әлеумет.

Білім бөлімі: Математика негіздері, Қоршаған ортамен таныстыру.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Сандар әлеміне саяхат»

Мақсаты: 1-ден 5-ға дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту.

Сандарды басқа сөздермен байланыстыра қолданып айта алу дағдыларын

қалыптастыру. Шапшаңдыққа, тез ойлап, дұрыс жауап бере алуға үйрету.

Балалардың танымдық және логикалық білімдерін арттыру.

Қажетті құралдар: Тақырып бойынша слайд, зерттеуге керекті заттар. интерактивті тақта мен қаламы, доп, текшелер.

Әдіс-тәсілдер: Монтессори әдісі, зерттеу, топтастыру, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, сұрақ-жауап, пиктограммамен жұмыс (мнемотехнология), интерактивті флипчарт-ойын түрлері, дидактикалық-қимылдық ойыны.

Блингвалдық компоненттер: нөл – ноль, бір – один, екі – два, үш – три, четыре – төрт, бес – пять

Қызмет
кезеңдері

Тәрбиеші қызметі

Балалар қызметі

Ұйымдастырушы
қозғаушы қызмет
түрі

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Сәлеметсіз бе!

«Шаттық шеңбері»

Шуақ шаша алтын таңда,

Мөлдір таза ауада,

Табиғатта бәрі оянды

Оян сен де бар бала

«Ғажайып сәт».

-Балалар, бүгін біздер «Сандар әлеміне» саяхатқа барамыз. (осы кезде ауылдан Аяла)

- Сәлем, Аяла !

- Сәлем, балалар! Мен аю досыма келе жатыр едім. Сендердің «Сандар әлеміне» баратындарыңды естідім.

Мені де ала кетіндерші. Келесі жылы мен мектепке бармақпын. Сондықтан қазақша санауды үйренгім келеді.

- Жарайды, Маша, ендеше балалармен бірге сен де қазақша санауды үйренетін боласың. Балалар, алдымен, сандарды есімізге түсірейік.

Балалар келген қонақтармен сәлемдесіп, шаттық шеңберінде тақпақтарын айтады.

Балалар Маша мен мұғалімді тыңдайды.

Ұйымдастыру -
ізденушілік

«Санап көр!» флипчарт-ойыны.
Экранға суреттер мен сандар шығады.
Балалар суреттер санына сәйкес санды
қаламмен басады. Дұрыс жауапты
басса, көңілді смайлик шығады, қате
басса, көңілсіз смайлик шығады.

Балалар интерактивті
қаламмен сандарды
басып, атайды.

«Алма бағында» флипчарт-ойыны. Аю
Машаны сандар әлеміне жібермес
бұрын алма ағашындағы алмаларды
кәрзеңкелерге жинап беруге
көмектесуін сұрайды. Ол үшін мына
амалдарды орындауы қажет: $2+2=4$, $5-3=2$. Амалдардың шешуіне сәйкес
санды алманы сол кәрзеңкеге қалам
көмегімен жинайды.

Балалар амалдарды
шешіп, алмаларды
тиісті кәрзеңкесіне
жинайды.

«Қанша көбелек?» флипчарт- ойыны.
Міне, Маша «Сандар әлеміне» бару
үшін жолға шығады. Ол жолда келе
жатып көбелек аулағысы келеді. Бірақ,
көбелектерді анық көре алмайды.
Айналасындағы көбелектерді анық
көру үшін ол лупаны қолданады.
Балалар, Машамен бірге көбелектерді
санайық!

Балалар лупа арқылы
көбелектерді санайды.

«Неше жаста?» флипчарт-ойыны.
Жолда Машаға туған күндерін тойлап
жатқан жануарлар кездеседі (қоян,
тиін, қасқыр). Олардың нешеге толып
жатқандығын торттың үстіндегі
майшамдар саны арқылы білеміз.
Мысалы: «Қоян неше жаста?» деген
сұраққа «Қоян үш жаста» деген жауап
болуы керек. Дұрыс жауапты білу
үшін үш шардың үстіндегі үш
цифрдың біреуін басады.

Балалар
жануарлардың
жастарының нешеде
екенін айтады.

«Аудармашы» дидактикалық-
қимылдық ойыны. Тәрбиеші
балаларға допты лақтырады да,
сандарды орыс тілінде айтады.
Балалар қазақ тіліне аударып айтады
да, допты кері лақтырады.

Балалар сандарды
қазақша атайды.

Балалар

пиктограммалар
арқылы сөйлемдер
кұрайды.

«Қай сан жоқ?» флипчарт-ойыны.
Келесі жолдағы кедергі - жоғалған
сандар қатары. Флипчартта белгілі бір
саны жоғалған қатар беріледі. Сол
қатардағы жоғалған санды тауып, сол
санның көршілері аталуы керек.
Мысалы: «Қай сан жоқ?» деген
сұраққа «2 жоқ» деп жауап береді. «2
санының көршісі қандай сандар?»
деген сұраққа «2 санының көршілері 1
мен 3 сандары» деп жауап берулері
керек.

«Макал-мәтелдер».

- Балалар, сендер құрамында сан
атаулары бар макал-мәтелдер
білесіңдер ме? Білсеңдер, айта
қойыңдар.

Бірінші байлық – денсаулық.
Екінші байлық - ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық.

- Міне, Машамен бірге біз «Сандар
әлеміне» жеттік. Бұған Маша өте
қуанышты. Балалар, сендер де
қуаныштысыңдар ма?
Ендеше, «Санау әнін» әндетейік.

Маша:

Жарайсыңдар, балалар! Мен өте
қуаныштымын. Себебі мен сендер
сияқты қазақ тілінде санай алуды
үйрендім. Аю досыма да қазақша
санауды үйретемін.
Сау болыңдар!

Балалар жоғалған сан
мен көрші сандарды
атайды.

Балалар макал-
мәтелдер және
олардың
құрамындағы
сандарды айтады.

Балалар «Санау әнін»
(бейне ән) әндетеді.

Балалар Машамен
қоспасады.

